

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің атқарылуын қамтамасыз етудің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 шілде N 820.

Мемлекеттік бюджеттің шығыстары мен түсімдерін бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында, сондай-ақ макроэкономикалық тұрақтылықты қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасындағы төлем жасамау дағдарысының проблемаларын шешу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 1644 Р991644_ қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер мен өзге де шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында клирингтік ұйымдар арқылы берешектерді есепке алу көзделетін мәмілелерді жасасу практикасын тоқтату туралы

мәселені қарасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.